

«Ақтобе қаласының білім бөлімі» ММ  
«BILIM QAZYNA» КММ  
«№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК



«Білім бөлімі» ММ

» AS  
Ақтобе

**«Hello, funny English!»**  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**  
(ересек және мектепалды тобы)

Ақтобе қаласы  
2025 жыл

«Hello, funny English!» бағдарламасы «Түрлі үлгідегі ұйымдарға арналған қосымша білім беру бағдарламаларына сүйене отырып, іс-тәжірибеден жинақталған. Сонымен қатар «Изучаем английский язык» әдістемелік құрастырушы М.С.Шарипбаева - Алматы кітап 2013 жыл негізінде құрастырылған.

Құрастырған: «№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның тәрбиеші, ағылшын тілі мұғалімі Жолдасбаева А.С.

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Hello, funny English!» бағдарламасы талқыланып, бекітілді.

Хаттама № 1

«25» 08 2025 жыл

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақша менгерушісі:

 Жусупова Ш.Т.  


Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Hello, funny English!» бағдарламасы мақұлданып, бекітілді.

Хаттама № 1

«27» 08 2025 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы :



Қосымбаева М.О

№45 «Алтын бала» бөбөкжай-балибақшасының тәрбиешісі

А.С.Жолдасиеваның «Hello, funny English!» атты бағдарламасына

### ШКІР

Бағдарлама мектепке дейінгі балалардың жас ерекшелігіне байланысты оқыту уақыты ересек, мектепалды даярлық тобында 30 минут оқытуға арнап құрылған балалардың жан-жақты дүниетанымдық ықыласын ояту негізінде балалар білуге тиісті тақырыптар орынды қамтылған. Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын арқылы сөз мағынасын меңгерту, ауыз екі сөйлеу тілін дамыту, тіл жаттықтыру негізінде тақырыптық сағат сандары баланың тез меңгеріп кетуіне лайық алынған. Бағдарлама ересек топ балалары мен даярлық топтың балаларын ағылшын тіліне тіл сындыру арқылы, жан-жақты даму ойындары мен дыбыстырды үйрету арқылы сөйлеу тілін жаттықтыру жұмыстары тиімді құрылған. Сабамақтар, дайуанаттар атауы, үй жануарлары және күнделікті қажет қолданыстағы сөздер тіл жаттықтыруға кірістірілген.

Тақырыптарға байланысты балалар ертегілердегі кейіпкерлер ролін ойнату арқылы әртістік қабілетін дамыту жұмыстары енгізілген.

Бағдарлама тілді меңгертуге арналған бірнеше әдебиеттерге сүйене отырып құрылған. Бағдарламаның мазмұны балабақша балаларының оқим үйренуіне, дыбыстырды меңгеруіне, тіл жаттықтыруына лайық деп танылады.

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ  
профессоры, педагогика  
ғылымдарының докторы



К.Ж.Торбаспа

## ТҮСІНІК ХАТ

Ағылшын тілі - ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қияқты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі заманда тәрбиеленушілердің ағылшын тіліне қызығуын, білімге құштарлығын оқу, танымдық белсенділігін арттыру басты міндет. Демек, тәрбиеленушілердің ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Ағылшын тілі қазіргі кезде заман талабына сай көптеген балабақшаларда қосымша жүргізілуде. Ағылшын тілін үйренуге балаларды ерте бейімдеу, ағылшын тілі арқылы жан жақты дүниетанымын оқу.

Бағдарлама ересек топтар мен мектепалды топтарына жүргізіледі. Ағылшын тілі бірінші оқу жылында аптасына 2 рет, оқу ұзақтығы – 25-30 минут, жылына 72 сағатқа арналып құрастырылған.

Ағылшын тілін оқыту балабақшада 4-5 жастан бастап ұйымдастырылуда. Жоспарда ағылшын тілін оқыту қызықты және жеңіл, балаларды қызықтыру мен дамыту мақсатқа алынған.

Оқу бағдарламасының нәтижесі бойынша тәрбиеленушілер ағылшын тіліне тан әріптер мен дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылануы, өзіне берілген сұрақты тыңдап, түсініп, қысқа жауап беруге белгілі бір дәрежеде жүйелі сөйлей білуге, диалог түрінде әңгімелесе білуге дайын болады.

Бағдарлама мәмлекеттік білім беру стандартына сәйкес ересек тобы мен мектепалды даярлық тобына ақылы қосымша оқытуға арналған.

Тәрбиеленушілердің елдің ауызша сөйлеу ерекшеліктеріне қызығушылығын оқу арқылы бірнеше тілді меңгеруге ынтасын оятады. Түрлі дыбыстардың айтылым дағдысын қалыптастыру үшін құрылған. Заттар мен ұғымдардың атауын ағылшын тілінде айтуды қалыптастырады.

**Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің жеке тұлға болып қалыптасуына және оның тұтастай дамуына ықпал ету, сөйлеу қызметінің негізгі түрлеріндегі қарнайым шеттілдік коммуникативтік құзыреттің қалыптасуы, тәрбиеленушілердің эмоционалды, прагматшылық, әлеуметтік, когнитивтік және тілдік қабілеттерін дамуы, ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу, әндерін, санамақ ойындарын ауызша үйрену, негіздерін меңгеру.

**Міндеті:** Сөйлесудің барлық даму түрін қалыптастыру.

- Ерте кезеңнен бастап ағылшын тілін оқыту.
- Әдіс-тәсілдерді ауыстырып қосып жасау, шет тілін ана тіліне аудару.
- Танымдық оқыту әдісі: назар аудару, есте сақтау, ойлау жүйесі.
- Коммуникативті және когнитивті әдіс-тәсілдерді дамыту.
- Есте тез сақталатын жекелеген заттардың атауларын ағылшын тілінде айта білу.

**Күтілетін нәтиже:** Тәрбиеленушілердің ағылшын тіліне тан әріптер мен дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылануы, өзіне берілген сұрақты тыңдап, түсініп, қысқа жауап беруге белгілі бір дәрежеде жүйелі сөйлей білуге, диалог түрінде 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуі. Тәрбиеленуші тәрбиешінің нұсқауын түсініп орындай алады.

## ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Сабақтың ұзақтығы	Апталық реті	Жылдық сағат саны
1	25/30 минут	2 рет	72 сағат
№	Сабақтың ұзақтығы	Апталық реті	Жылдық сағат саны
1	25/30 минут	2 рет	72 сағат
№	Тақырыбы	Сағат саны	
1	Кіріспе. Ұйымдастыру.	1	
2	Сәлемдесу! Танысу	1	
3	Сыпайы сөздер	2	
4	Сен қайда тұрасың? Where are you from?	2	
5	Менің отбасым! «My family»	2	
6	Менің ... бар. I have got...	2	
7	Алтын күз. Ауа райы	2	
8	Көңілді кемпіркосақ	2	
9	Ойыншықтарым/My toys	2	
10	Мен кімін?	2	
11	Мен не білемін? (қайталау)	1	
12	Winter is white	2	
13	My native land is Kazakhstan! Менің Отаным – Қазақстан!	2	
14	Happy New Year! Жаңа жыл құтты болсын!	2	
15	Неше? 1-ден 5-ке дейін санау.	2	
16	Неше? 6-дан 10-ға дейін санау.	1	
17	Неше? 10-нан 20-ға дейін санау	1	
18	Үй жануарлары / Domestic animals	2	
19	Жабайы аңдар/Wild animals	2	
20	Орманда... мекендейді/ ... live in the forest	2	
21	Дене мүшелері/Parts of the body	2	
22	Менің көмекшілерім. My assistants	2	
23	Қайталау. «Ауруханада» мазмұндай-рольдік ойыны.	1	
24	Spring is green. Сұлулық көктем	2	
25	Mother's day. Аналар күні	2	
26	Наурыз. Наурыз	2	
27	Азық-түлік/ Food	2	
28	Жемістер/ fruit	2	
29	Көк-өсіктер мен жемістер. Vegetables and fruit	2	
30	The day of Space. Ғарышкер күні	2	
31	Біз жүгіреміз, секіреміз, ойнаймыз	2	
32	Көпір -күл	2	
33	My friends. Менің достарым	2	
34	Шарек. Пішіндер	2	
35	Transport. Көлік	2	
36	Clothes. Киім	1	
37	Dishes. Білдік- апс	2	
38	Summer is bright. Ыстық жаз!	1	
39	Ленбук «On the Farm»	1	
40	School things/ Оқу құралдар	1	
41	«Сен білесің бе?» викторинасы/ «Do you know?»	1	
42	Қорытынды	1	
<b>Барлығы</b>			<b>72</b>

## БАҒДАРЛАМА МАЗМУНЫ

1. **Кіріспе. Ұйымдастыру.** Балаларды шетел тілімен таныстырып, ағылшын тілде амандасуға, қоштасуға үйрету. Сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс құрастырып сөйлеуге үйрету, балалардың сөздік қорын кеңейту. Ағылшын тілде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалардың танып білуге, тілдерге деген қызығушылығын арттыру.

2. **Сәлемдесу! Танысу.** Балаларды танысуға үйрету. Тәуелдік жалғауларды пайдалануға дағдыландыру. Тілдерге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс құрастыруға үйрету. Балалардың сөздік қорын кеңейту. Балаларды бірін-бірі тыңдауға, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.

3. **Сыпайы сөздер.** Балаларды ағылшын тіліндегі сыпайы сөздермен таныстыру, ағылшын тіліндегі сөздердің дұрыс айтылуын үйрету. Үлкендерлі сыйлауға, достарымен сыпайы сөйлесуге тәрбиелеу.

4. **Сен қайда тұрасың? Where are you from?** Балаларды «Where are you from?» сұрағын түсініп, өз Отаны туралы айтып беруге және сұрақ қоюға дағдыландыру. Сөздік қорын молайту. Тілдерге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

5. **Менің отбасым! «My family».** Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. (Mother, father, brother, sister). Сөздік қорларын дамыту. Тілдерге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Отбасы мүшелеріне, туысқандарына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. «Отбасы» тақырыбында сабақты бекіту. «I love my mom» әнін жаттау.

6. **Менің... бар. I have got...** Отбасы мүшелері туралы шағын әңгіме құрастыруға үйрету. Тілдерге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздік қорын молайту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

7. **Алтын күз- Ауа райы.** Балаларды күз тақырыбында жаңа сөздермен таныстыру. Зейін мен қиялды дамыту. Табиғатқа құрметпен қарауға тәрбиелеу. «The leaves» әнін жаттау. Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Балаларды ауа райын дұрыс тануға және ағылшын тілінде айтуға үйрету. Сұрақтың дұрыс жауабын үйрету: Бүгін ауа райы қандай?/What the weather today?/ Today is....

8. **Қандай кемпіркөсак.** «Түстер» тақырыбы бойынша жаңа сөздермен танысу. Түстердің әсемдігі мен жарықтығын көруге үйрену. Балаларға: «What colour is it?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Есте сақтау, қиялды дамыту.

9. **Ойыншықтарым/My toys.** Балаларды ойыншықтарын ағылшын тілде атай білуге, шығын өлеңді жаттай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөйлеу үлгілері бойынша әңгімелеу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу құрылымдарымен таныстыру: «That is ... », «This is ... » Балаларды ойыншықтарын ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

10. **Мен кіммін?** Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. Балаларды ойыншықтарға сипаттама беруге баулу. Бір-бірімен диалог арқылы сұхбат құруға бейімдеу. Балалардың эстетикалық талғампаздығын тәрбиелеу. Балаларды өздері туралы айтуға үйрету. Жаңа сөздермен таныстыру «girl», «boy». Сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.

11. **Мен не білемін? (қайталау).** Балалармен өткен барлық материалды қайталау. Берілген сөздерді түзету. Өлеңдер мен әндерді қайталау.

12. **Winter is white.** Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Оқуға деген қызығушылығын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

13. **My native land is Kazakhstan! Menің Отаным – Қазақстан!** Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Дұрыс айтуға жаттықтыру. Балаларды: «Where are you from?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

14. **Happy New Year!** Жаңа жыл құтты болсын! Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Балаларда мереке - Жаңа жыл туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Мереке карсаңында жақсы, қуанышты сөзімдерді тәрбиелеу. «We wish you a Merry Christmas» әнін жаттау.

15. **Неше? 1-ден 5-ке дейін санау.** Балаларды 1-ден 5-ке дейін ағылшын тілде санауға үйрету. Бір-бірімен диалог арқылы сұхбат құруға бейімдеу. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

16. **Неше? 6-дан 10-ға дейін санау.** Балаларды 6-дан 10-ға дейін ағылшын тілде санауға үйретуді жалғастыру. Ойындар арқылы сөйлеу тілін жетілдіру. Балалардың тілге деген қызығушылығын арттыру.

17. **Неше? 10-нан 20-ға дейін санау.** Балаларды 10-нан 20-ға дейін ағылшын тілде санауға үйретуді жалғастыру. Ойындар арқылы сөйлеу тілін жетілдіру. Балалардың тілге деген қызығушылығын арттыру.

18. **Үй жануарлары / Domestic animals.** Балаларды үй жануарларының ағылшын тілде дұрыс айтуға үйрету. Қойылған сұрақтарды түсініп, толық жауап беруге дағдыландыру. Тіл мәдениетін жетілдіру.

19. **Жабайы аңдар / Wild animals.** Балаларды жабайы аңдар атауын және оларды сипаттауды ағылшын тілде дұрыс айтуға үйрету. Балаларды тілдерге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жетілдіру, грамматика жағынан дұрыс сөйлем құрып, әңгімелету, сипаттама беру дағдыларын жетілдіру. Балалардың жануарларға деген қызығушылығын тәрбиелеу.

20. **Орманда... мекендейді / ...live in the forest.** Балалардың жабайы аңдар дүниесі туралы білімдерін кеңейту. Балаларды тілдерге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жетілдіру, грамматика жағынан дұрыс сөйлем құрастырып, әңгімелету. Тілдерге деген қызығушылығын арттыру.

21. **Дене мүшелері / Parts of the body.** Балаларды өз дене мүшелері туралы ағылшын тілде айтуға үйрету. Сөздік қорынан байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды мәдени-гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу.

22. **Menің көмекшілерім. My assistants.** Балалардың адамның дене мүшелерінің қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөздердегі төл дыбыстарды қайталау, дұрыс айтуын қадағалау. Өз ағзасы мен денсаулығына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

23. **Қайталау.** «Ауруданада» мазмұнды-рөлдік ойыны. Балалардың адамның дене мүшелері туралы білімдерін бекіту. Балалардың ауызша сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Балалардың қиялын, елестету сөзімін дамыту.

24. **Spring is green.** Сұлулық көктем. Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Оқылатын тілге деген сүйіспеншілікті ояту. Оқуға деген қызығушылығын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

25. **Mother's day.** Аналар күні. Жаңа сөздік қорын енгізу. 8 наурыз туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау, зейінді дамыту. Анаға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. Ана туралы өлең жаттау.

26. **Наурыз.** Наурыз. Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Есте сақтау мен ойлауды дамыту. Қызақ халқының салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.

27. **Азық-түлік/ Food.** Балаларды азық-түлік атауларын ағылшын тілде дұрыс жазуға үйрету. Сөздік қорларын молайту. Шығын олеңдерді тіл ұстарту мақсатында алуға дағдыландыру. Балаларды өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.

28. **Жемістер/ fruit.** Балаларды жемістердің атауларын ағылшын тілде атай білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту. Жемістерге сипаттама беріл, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қызығушылығын арттыру.

29. **Көк-өністер мен жемістер. Vegetables and fruit.** «Көк-өністер» және «Жемістер» тақырыптары бойынша балалардың сөздік қорын молайту. Балаларды салыстыруға, жалпылауға үйрету. Балаларды үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

30. **The day of Space.** Ғарышкер күні. Балалардың «Ғарышкер күні» мерекесі туралы түсініктерін кеңейту. Жаңа сөздермен таныстыру. Балалардың қиялын, қызығушылығын дамыту. Аспан әлеміне қызығушылығын ояту.

31. **Біз жүгіреміз, секіреміз, ойнаймыз.** Балаларды жалпы дамыту жаттығуларын орындауға байланысты әрекеттерді білдіретін командаларды, дене мүшелерін білдіретін лексикалық бірліктерді түсінуге үйрету.

32. **Көңіл -күй.** Балаларды ағылшын тілін түсінуге үйрету, адамның көңіл-күйі тақырыбына жаңа лексикалық сөздерді енгізу: *cheerful, sad, happy*.

33. **My friends.** Менің достарым. «Менің достарым» тақырыбында жаңа сөздік қорын енгізу. Есте сақтау қабілетін дамыту. Ағылшын тіліне деген қызығушылықты ояту. Бір-біріне достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.

34. **Shapes.** Пішіндер. Жаңа сөздік қорын енгізу. Балаларды: «What do you see?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Есте сақтау, зейін, салыстыру қабілеттерін дамыту. Ізгілікке, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу.

35. **Transport.** Көлік. Тақырып бойынша жаңа сөздік қорын енгізу. Оқылған тілге деген сүйіспеншілікті ояту. Есте сақтау, табандылық, зейінді дамыту. Оқуға қызығушылығын арттыру.

36. **Clothes. Кім.** Жаңа сөздермен таныстыру. Балаларға: «What do you wear?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Оқылған тілге деген сүйіспеншілікті ояту. Есте сақтау, зейінді дамыту. Кімге құрметпен қарлауға тәрбиелеу.

37. **Diapers.** Ыдыс-аяқ. Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Балаларды: «What is it?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды қарым-қатынасқа және үстел мәдениетіне үйрету.

38. **Summer is bright.** Ыстық жаз! Балаларды жаңа сөздермен таныстыру. Оқылған тілге деген сүйіспеншілікті ояту. Оқуға деген қызығушылығын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

39. **Leobuk «On the Page».** Электронды лепбуктың көмегімен, жануарлар тақырыбындағы материалды балалармен қайталау. Балалардың жануарларға деген қызығушылығын тәрбиелеу.

40. **School things/ Оқу құралдар.** Балаларға оқу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Оқылған тілге деген сүйіспеншілікті ояту. Есте сақтау, табандылық, зейінді дамыту. Бір-біріне достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.

41. **«Sen білесің бе?» викторинасы/ «Do you know?».** Балаларды тілдерге тән дыбыстарды грамматикалық тұрғыда дұрыс айтып, әңгіме құрауға жаттықтыру. Тілдерге деген қызығушылығын арттыру.

42. **Қорытынды.** Өткен тақырыптар бойынша меңгерген сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем үлгілерін қайталауды машиктандыру.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### I. Негізгі әдебиеттер:

1. Шарипбаева М.С., Методическое пособие «Изучаем английский язык», Алматы:кітап 2013 ж.
2. Алтын абдыра. Қазақ балалар ауыз әдебиеті. Алматы: Балауса, 2007 ж.
3. «Smiles starter», Н.Мухамеджанова, Экспресс Паблшин баспасы 2018ж.

### II. Қосымша әдебиеттер:

1. Балаларға баярлық . Өлеңдер,ертегілер, жұмбақтар,жаңылтпаштар жинағы. Алматы : Алматы кітап баспасы, 2003
2. «English», -Батжан Токтамысова, Алматы: Аруна-2016г.
3. Изучаем английский язык легко и весело.Ильошкина А.В. – СПб,2009
4. Мектепке дейінгі балаларға арналған тіл дамыту , -Усманова П.Д.,Макей И.В.,Сергеева С.Н.,Ташметова Н.Е.,Алматы:Алматыкітап баспасы,2014ж.
5. Разговорный английский для младших школьников., Левитте И.Ю.-М.:ИД «Литер»,2009г
6. Үш тілдер патшалығы-, Саулебаева А.,Абаева М.,Бегалиева ,Казакова З.Д.,Гумирова О.Н. - Алматы: ТОО «Шығула и К»,2009г.
7. « Here I am»,- Компанийцева Л.В. М., 2000г.
8. Нуртқина Р.Б., Ата-аналарға және ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. Алматы: Аруна, 2015 ж.